Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

# Qazaq Universiteti

Апталық
1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

№31 (1813)
28 тамыз
2021 жыл

www.kaznu.kz facebook.com/KazakhNationalUniversity vk.com/kazuniversity instagram.com/KAZNU_FARABI

## Ата заң – елдік пен егемендіктің алтын темірқазығы

***Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, студенттері, магистрант, докоранттары!***




Сіздерді 30 тамыз – Қазақстан Республикасы Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Биыл Ата заңымыздың төл мерекесі Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы аясында атап өтілуде.

Конституциямыздың негізін қалаған Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз сөзінде «Қазіргі кезеңдегі қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың конституциялық нормалары – бүкіл Қазақстан халқы үшін сенімді болашақты қамтамасыз ететін дәйекті даму мен жаңғыру үдерістерінің негізі» деп атап өткен болатын.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Конституциямызда белгіленген адам құқығы мен бостандығы, саяси және әлеуметтік-экономикалық құрылым қағидаттары әділетті қоғам мен қуатты мемлекеттің айнымас тұғырына айналды», – дей келе, елдегі келісім мен саяси тұрақтылықты сақтап, азаматтық қоғаммен сындарлы байланысты жалғастыруға сенім білдірген еді.

Тәуелсіз мемлекетіміздің Ата заңы – елдік пен егемендіктің алтын темірқазығы, жарқын болашағымыздың кепілі. Мемлекетіміздің тарихи дамуының іргетасы ғана емес, ол барлық заңдардың бастауы, тәуелсіздігіміздің басты тірегі екені сөзсіз.

Бүгінгі күні университетіміз мемлекет жүктеген міндеттемелерді Конституция аясында тиімді іске асырып, заман талабына сай жаңа бағытта даму үстінде.

Тағылымы мол терең тарихы бар оқу орнымыз уақыт өткен сайын биік белестерді бағындырып, білім, ғылым кеңістігінде өзінің тұғырлы орнын айшықтай түсуде.

Білім ордасы халықаралық байланыстарын күшейтіп, әлемдік рейтингте алдыңғы қатардан көрініп, ел болашағына қызмет ететін, бәсекеге қабілетті интеллектуал жастарды тәрбиелеу ісінде іргелі қадамдар жасай бермек.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш, Ата заңымыз мәңгілік болсын!

**Құрметпен**
**Әл-Фараби атындағы**
**Қазақ ұлттық**
**университетінің Басқарма**
**Төрағасы – Ректоры**
**Жансейіт Қансейітұлы**
**ТҮЙМЕБАЕВ**

## Білімге құштар жастарға есігіміз ашық

***Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, студенттері, магистрант, докторанттары!***



Сіздерді 1 қыркүйек – Білім күнімен және 2021/22 жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын!

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында оқуға қабылданған 1-курс студенттері, отандық білім мен ғылымның қарашаңырағына қош келдіңіздер!

Магистратура, докторантураға құжат тапсырып, ғылымға қол созған жастарға да зерделі ізденіс, қайтпас жігер, мол табыс тілеймін.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Бірлесе білген ел бәрін жеңеді» атты мақаласында жаңа өскін – жас ұрпаққа айрықша қайырылып: «Еліміздегі ең қуатты күш – өздеріңсіңдер. Аға ұрпақ сендер үшін қолдан келгеннің бәрін жасады, енді сендердің де күш-қайрат жұмсайтын кездерің келді. Жамандықтан, жат әдеттен сақтанып, игі істер жасауға ұмтылыңдар. Үлкенге – ізетті, кішіге – қамқор, бір-біріңе дос болыңдар. «Біріңді қазақ бірің дос, Көрмесең істің бәрі бос», – деген Абай аталарыңның өсиетін ешқашан естен шығармаңдар», – деп зор сенім артқан еді.

Жаңадан студент атанып немесе білімін шыңдап, ғылыммен түбегейлі айналысуға бет бұрған жастар осы ғибратты әрдайым жадында ұстайды деген үміттемін.

Өздеріңізге белгілі, биылғы маусым ерекше, өйткені барлығымыз осы күнді асыға күттік.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев пандемия кезіндегі қашықтан оқу білім сапасына кері әсерін тигізгендіктен, оқушылар мен студенттерді дәстүрлі оқу жүйесіне қайтаруды тапсырған болатын. Оқытудың дәстүрлі форматына көшу барлығымыздан үлкен жауапкершілікті талап етеді, коронавирустың жаңа штамдарымен тізе қосып күресуге тиіспіз. Вакцина алғандарға босаңсуға болмайды, әлі де алмаған білім алушыларымыз болса, бұл университет қабырғасына оралудың бірден-бір жолы екенін айтқымыз келеді.

Құрметті әріптестер, білім алушылар!

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қоғамның әр саласына бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлап қана қоймай, әлемдік деңгейдегі ұлттық зерттеу университеті деңгейіне көтерілу мақсатын алға қойып отыр. Кемел келешекке жол ашып, бұл межені сіздер мен біз бірге бағындыратын боламыз.

Биыл бакалавриат бойынша 4220 студент мемлекеттік білім грантына ие болды. 489 студент ақылы бөлімге қабылданды. Сапалы және тиімді білім алу жолында бізге сенім білдіргендеріңіз үшін алғыс айтамыз.

Жаңа оқу жылындағы айта кетер жаңалығымыз – бірқатар оқу ғимараты мен жатақханаларға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Құрылысы аяқталмаған нысандар жоспарға сай пайдалануға берілетін болады.

Университет оқытушы-профессорлар құрамына қолдау көрсетіп, әр студенттің өрісін ашып, қабілетін шыңдау үшін бар мүмкіндікті жасайды.

Жаңа оқу жылы құтты болсын!

Ұлы мақсаттар жолында табысты болыңыздар!

**Құрметпен Әл-Фараби**
**атындағы Қазақ ұлттық**
**университетінің Басқарма**
**Төрағасы – Ректоры**
**Жансейіт Қансейітұлы**
**ТҮЙМЕБАЕВ**

***Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ғылыми кеңес пен ректорат отырысы өтті. Университет ұжымы онлайн бас қосқан жиынды ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ашып, күн тәртібінде жаңа оқу жылына дайындық шаралары қаралды.***

## Оқу жылына дайындық пысықталды







Бұл тақырыпта алдымен ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер бойынша проректор Фатима Жақыпова баяндама жасады. Ол ҚР БҒМ тапсырмасына сәйкес, білім ордасы дәстүрлі форматта білім беруге 100 пайыз дайын болуы тиіс екенін жеткізді. Осы мақсатта университетте оқу жылына дайындық алгоритмі әзірленіп, ғимараттар мен жатақханалар санитарлық-эпидемиологиялық талаптар бойынша жабдықталуда. Сонымен қатар бағдар беру апталығының бағдарламасын бекіту, жүктемені есептеу және ОПҚ штатын анықтау, аудиториялық қорды тексеру әрі кесте жасау, декандар мен кафедра меңгерушілерінің білім алушылармен онлайн кездесулері сынды ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Проректордың хабарлауынша, жаңа оқу жылында барлық оқу корпустары мен ғимараттарға кіру «Ашық» қосымшасы арқылы жүзеге асырылады деп күтілуде. Университетте бетперде тағу, әлеуметтік арақашықтықты сақтау шаралары қатаң сақталуы керек. Ғимараттарды санитайзерлер, дезинфекциялық аркалар, жылу түсіргіштер, пайдаланылған бетперделерге арналған жәшіктермен жабдықтау толықтай жүзеге асырылуда.

*Жалғасы 2-бетте*



Алуа ИБРАЕВА:

**Роль Конституции в развитии суверенного Казахстана**

3



Нағима СЕЙДАЛИЕВА:

**Алдымызда заманға сай жаңғыру міндеті тұр**

4



**Биологиялық энергияның болашағы зор**

7

АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ • №31 (1813), 28 ТАМЫЗ, 2021 ЖЫЛ

# Оқу жылына дайындық пысықталды



*Соңы. Басы 1-бетте*

Аудитория мен спортзалдар толымдылығы 50 пайызды құрап, сабақ уақыты және үзілістер арнайы кестемен реттелмек.

Ал білім алушыларды жатақханамен қамту және жаппай екпе алу барысына әлеуметтік даму жөніндегі проректордың м.а. Әлия Масалимова тоқталды. Ол қалыпты оқу тәртібіне қайта оралу үшін жаппай екпе алудың маңыздылығына назар аудара отырып, ақпараттандыру және түсіндіру жұмыстарын жастар арасында жан-жақты жүргізу қажеттілігін баса айтты. Қазіргі уақытта екпе алған қызметкерлердің үлесі 70 пайыздан асса, ОПҚ – 50 пайыз, студенттердің үлес салмағы 30 пайызды құрағанын мәлімдеді.

Баяндамада жатақханаға мұқтаж студенттер және жатақханалардағы орын саны бойынша да толық ақпарат берілді. Проректор студенттердің 80 пайыздан астамы тұрғын жайға мұқтаж екенін алға тартып, бұл мәселені шешудің түрлі жолдары қарастырылып отырғанын айтты.

Сондай-ақ жиын барысында әкімшілік-шаруашылық қызмет жөніндегі проректордың м.а. Олжас Есеналин мен қабылдау комиссиясының төрағасы Виталий Сальников сөз алып, оқу корпустары мен жатақханалардағы жөндеу жұмыстары және қабылдау комиссиясының қазіргі қызметінен хабардар етті.

Жиын соңында оқу орнының ректоры факультет басшыларына студенттерді жатақханаға орналастыру жұмыстарына жіті көңіл бөлуді және еліміздің басты мерекесі – ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына жоғары деңгейде дайындалуды тапсырды.

**Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ**

# Ректор ғалымдарды марапаттады

***Жас ғалымдарды ғылыми зерттеу бастамаларына ынталандыру негізінде елімізде іске асырылып жатқан 2020-2021 және 2021-2023 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру бойынша Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми зерттеулер саны мен сапасы бойынша еліміздегі оқу орындарының арасында көш бастап келеді. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы ғылыми-зерттеу комиссиясы анықтаған ғылымды дамытудың 10 басым бағытының ішінде ҚазҰУ жас ғалымдарының жобалары экономиканың нақты секторларына енгізу үшін перспективті деп танылды.***




Еліміз бен университетіміздегі ғылымның дамуына елеулі үлес қосқандары үшін ҚазҰУ-дың жас ғалымдары – химия және химиялық технология факультеті Жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының профессоры Б.Оралбеков, механика-математика факультеті Математикалық және компьютерлік пішіндеу кафедрасының доценті, ф-м.ғ.к. Х.Хомпыш, математика факультеті Математикалық және компьютерлік пішіндеу кафедрасының профессоры, PhD А.Исахов, химия және химиялық технология факультеті Органикалық заттар химиясы және технологиясы, табиғи қоспалар мен полимерлер кафедрасының аға оқытушысы, х.ғ.к. Г.Қайралапова, физика-технологиялық факультеті Қатты дене физикасы және бейсызық физика кафедрасының аға оқытушысы, PhD М.Ибраимов «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ Басқарма төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың атынан Алғыс хат және 100 мың теңге көлемінде сыйақымен марапатталды.

Жас ғалымдарды құттықтаймыз!

**Қайыржан ТӨРЕЖАНОВ**

***Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңа оқу жылында заманауи үлгіде күрделі жөндеуден өткен оқу ғимараттары мен жатақханаларды пайдалануға бермек.***

# Студенттер жаңарған жатақханаларға орналасады

Білім ордасының басшысы Ж.Қ.Түймебаев құрылыс барысымен танысып, әлі де қалпына келтіру жұмысы аяқталмаған нысандарды жоспарға сәйкес аяқтауға тапсырма берді.

Қазіргі сәтте университет аумағында орналасқан 14 жатақхана студенттердің қоныстануына әзірленіп, 25 тамызда студенттер игілігіне ұсынылады. Оның ішінде №6 студенттер үйіндегі жөндеу жұмыстары бітуге жақын, №4 және №7 жатақханалардағы күрделі жөндеу жұмысы қыркүйектің соңына дейін жалғасады. Өзге жатақханалар 25 тамызда келген студенттерді қабылдауға сақадай сай.



Бұған қосымша, үш оқу ғимаратында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл ғимараттардың есік-терезелері және едені толығымен ауыстырылған. Бұрын линолеум болса, қазір сапалы жаңа ламинаттар төселіп, аудиториялар жаңа үлгідегі заманауи дизайнмен әрленіп, безендірілуде.

Екінші және үшінші оқу ғимараттары 1 қыркүйекте оқу жылын бастауға әзір. Ал бірінші оқу ғимаратындағы жұмыстар айдың аяғына дейін созылады.

Айта кетерлік жайт, жөндеу барысында тек сапалы құрылыс материалдары қолданылуда. Ректор тапсырмасымен жаңа оқу жылында студенттерді қабылдауға дайын болу үшін жұмысшылар саны арттырылды.

Одан бөлек, бірінші, екінші, үшінші оқу ғимараты мен ректораттың сырты да күрделі жөндеуден өтпек. Бұл мақсатта сұйық травертин деп аталатын жаңа технология қолданылады. Бұл жұмыстар екі ай мерзімде аяқталмақ. Болашақта Студенттер сарайын да осы секілді жөндеуден өткізу жоспарлануда. Салынғалы ғимараттардың ішкі-сыртқы бөлігіне мұндай күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмегендіктен, көптеген материалдардың тозығы жеткен. Алдағы уақытта бұл олқылықтардың орнын толтыру жоспарда бар.

Масанчи көшесінде орналасқан төртінші оқу ғимаратына да косметикалық жөндеу жұмыстары жасалды. Қазір студенттерді қабылдауға толығымен дайын. Мұнда философия және политология факультеті, колледж және оқу ордасының лицейі орналасқан. Университет аумағында орналасқан Жас ғалымдар үйінің де сыртқы бөлігі жөндеу жұмыстарын қажет етеді. Саин көшесінің бойындағы Біліктілікті арттыру институтының жатақханасындағы жұмыстар да қазір аяқталып, оқу жылын бастауға әзір тұр.

Кейбір жатақханаларға 15-20 жылдың көлемінде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмегендіктен, едендегі линолеумдардың тозығы жетіп, сантехникалардың көпшілігі істен шыққан. Сол себепті алдағы екі жылда барлық жатақханаға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Тек қана қабырғасын қалдырып, есік-терезе, құбыр жүйелері, тіпті шатырына дейін ауыстырылатын болады.

Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Қансейітұлы ғимараттардың әрқайсысын жіті аралап шығып, әрбір жатақхананың жертөлесінде, айналасында химиялық тазалау, аяқкиім жөндеу секілді студенттердің қажеттіліктеріне жарайтын орындар ашып, спорттық тренажер орнату туралы нақты тапсырмалар берді.

**Кәмила ДҮЙСЕН**





# Жаңа талаптар түсіндірілді

***Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басшылығы жаңа оқу жылы қарсаңында білім алушылармен онлайн жүздесті. Онда ҚР БҒМ тапсырмасымен жаңа маусымға дайындық барысы талқыланып, оқу үдерісі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты жаңа талаптарға сай жүргізілетіні түсіндірілді.***




Жаңа оқу жылында барлық оқу корпустары мен ғимараттарға кіру «Ашық» қосымшасы арқылы жүзеге асырылады деп күтілуде. Университетте бетперде тағу, әлеуметтік арақашықтықты сақтау шаралары қатаң сақталып, ғимараттарды санитайзерлер, дезинфекциялық аркалар, жылу түсіргіштер, пайдаланылған бетперделерге арналған жәшіктермен толық жабдықтау қолға алынуда. Ал аудитория мен спортзалдар толымдылығы 50 пайызды құрап, сабақ уақыты және үзілістер арнайы кестемен реттелмек.

Бұдан бөлек, оқу орнының басшылығы екпе алу, 18-ге толмаған және медициналық анықтамасы бар жастардың білім алу тәртібі, жатақханамен қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты студенттер мен ата-аналардың сұрақтарына жан-жақты жауап беріп, соңғы мәліметтермен бөлісті.

Білімгерлерге жаңа оқу жылының талаптарын жеткізу әрі түсіндіру жұмыстарын факультет декандары жалғастыратын болады.

**Әйгерім ӘЛІМБЕК**

№31 (1813), 28 ТАМЫЗ, 2021 ЖЫЛ

АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

***16 декабря 1991 г. на карте мира появилось новое государство – Республика Казахстан. Таким образом, наша страна стала независимым государством. Данный процесс получил свое юридическое закрепление в Конституционном законе «О независимости Республики Казахстан», принятым Верховным Советом 16 декабря 1991 г. Данный закон имеет особое значение для каждого гражданина нашей страны. Именно с этого дня начинается новая история суверенного Казахстана. Доклад о проекте данного закона подготовил и озвучил на заседании Парламента академик НАН РК, доктор юридических наук, профессор Султан Сартаев. В текущем году исполняется 30 лет с того момента, как Казахстан стал независимым государством. Это особая дата. Многое изменилось в нашей стране, особенно это касается формирования высших государственных органов, развития гражданского общества, появления возможностей для реализации прав и свобод каждого человека.***



**Алуа ИБРАЕВА**, д.ю.н., профессор:

# Роль Конституции в развитии суверенного Казахстана

**ДЕЙСТВУЮЩИЙ ОСНОВНОЙ ЗАКОН БЫЛ ПРИНЯТ НА ВСЕНАРОДНОМ РЕФЕРЕНДУМЕ. ТЕКСТ КОНСТИТУЦИИ СОСТОИТ ИЗ 9-ТИ РАЗДЕЛОВ. ВСЕГО В ГЛАВНОМ ЗАКОНЕ СТРАНЫ – 98 СТАТЕЙ. СЕГОДНЯ КОНСТИТУЦИЯ КАЗАХСТАНА СЛЕДУЕТ ПРИНЦИПАМ ДЕМОКРАТИИ. ПОЭТОМУ ЕДИНСТВЕННЫМ ИСТОЧНИКОМ ВЛАСТИ ЯВЛЯЕТСЯ НАРОД. В КАЗАХСТАНЕ ЗАКРЕПЛЕНА ПРЕЗИДЕНТСКАЯ ФОРМА ПРАВЛЕНИЯ. ЭТО ЗНАЧИТ, ЧТО ПРЕЗИДЕНТ СТОИТ НАД ВСЕМИ ВЕТВЯМИ ВЛАСТИ, ИМЕННО ПОЭТОМУ В НАШЕЙ СТРАНЕ СУЩЕСТВУЕТ СТАБИЛЬНОСТЬ И СОГЛАСИЕ.**

Основные идеи развития государства закреплены в основном законе – Конституции. Обратимся к истории. В истории Казахстана было пять Конституций. Это Конституция Казахской АССР 1926 года, Конституция Казахской ССР 1937 года, Конституция Казахской ССР 1978 года, Конституция Республики Казахстан 1993 года, Конституция Республики Казахстан 1995 года. Первая Конституция независимого Казахстана была принята на IX сессии Верховного Совета Казахстана XII созыва 28 января 1993 года. В основу Конституции 1993 года легла модель парламентской республики. Конституция закрепила независимость Казахстана. Этот акт отразил сложность и противоречивость первых лет независимости. С одной стороны, Конституция создала юридические основы для формирования рыночной экономики и демократического государства. С другой — Конституция не решила вопрос о полномочиях законодательной и исполнительной ветвей власти. Поэтому в высших органах власти назрел кризис. А в обществе появилась нестабильная социальная ситуация. Конституция не решила вопросы государственного языка, частной собственности на землю и гражданства. Это обстоятельства стали причиной принятия новой Конституции РК, принятой 30 августа 1995 г.

Действующий Основной закон был принят на всенародном референдуме. Текст Конституции состоит из 9-ти разделов. Всего в главном законе страны – 98 статей. Сегодня Конституция Казахстана следует принципам демократии. Поэтому единственным источником власти является народ. В Казахстане закреплена президентская форма правления. Это значит, что президент стоит над всеми ветвями власти, именно поэтому в нашей стране существует стабильность и согласие.

На сегодня в мире президентская форма правления является преобладающей. И это вполне объяснимо. Президентская форма правления основана на индивидуальной ответственности главы государства – Президента за проведение внутренней и внешней политики страны. Введению института президентства в Казахстане предшествовал глубокий кризис в политике, экономике, идеологии. Он охватил в 1985-1990 годах Советский Союз и входившие в него республики. Это привело к распаду Союза ССР и образованию самостоятельных государств.

Конституция не есть застывший акт. Меняется время и эти изменения отражаются в конституционных нормах. В действующую Конституцию изменения и дополнения вносились в 1998, 2007, 2011, 2017, 2019 годах. Первые концептуальные изменения были внесены в 1998 году. Так, были изменены и дополнены 19 статей основного закона. Изменения коснулись сроков и полномочий Президента, депутатов Сената и Мажилиса, был снят предусмотренный ранее верхний возрастной предел для государственного служащего. Кроме того, поправками 1998 года было предусмотрено, что 10 депутатов Мажилиса избираются на основе партийных списков по системе пропорционального представительства.

Более существенные поправки в Конституцию были внесены в 2007 году. В совокупности их суть сводилась к следующему: переход к пропорциональной избирательной системе; укрепление статуса Парламента за счёт введения нормы об утверждении Премьер-министра парламентским большинством и процедуры консультаций Президента с партийными фракциями при назначении главы Правительства. Ассамблея народа Казахстана была наделена конституционным статусом и получила право делегировать своих представителей в Мажилис и Сенат Парламента согласно установленной квоте. Срок действия президента был сокращен до 5 лет.

В феврале 2011 года в Конституцию были внесены изменения, направленные на установление конституционных основ назначения и проведения внеочередных выборов Президента страны. Обратим внимание на изменения 2017 г. Так, в Конституции появилась норма, позволяющая устанавливать в пределах Астаны особый правовой режим в финансовой сфере. Данная норма имеет цель привлечь в страну иностранные инвестиции. Тем самым была заложена основа для создания Международного Финансового Центра «Астана». Отметим, что отношения между иностранными инвесторами регулируются нормами английского права.

Кроме того, поправками были предусмотрены основания лишения гражданства по решению суда за совершение террористических преступлений, а также за причинение иного тяжкого вреда жизненно важным интересам РК, дополнены требования к Президенту Республики Казахстан. Так, согласно пункту 2 статьи 41 Конституции РК «Президентом Республики Казахстан может быть избран гражданин Республики по рождению, не моложе сорока лет, свободно владеющий государственным языком, проживающий в Казахстане последние пятнадцать лет и имеющий высшее образование. Особое значение имеют изменения, внесённые в пункт 2 статьи 91: «Установленные Конституцией независимость государства, унитарность и территориальная целостность Республики, форма ее правления, а также основополагающие принципы деятельности Республики, заложенные Основателем независимого Казахстана, Первым Президентом Республики Казахстан – Елбасы, и его статус являются неизменными». Тем самым в нормах Конституции было закреплено историческое значение роли Первого Президента РК – Елбасы Н. Назарбаева.

Обратимся к мировому опыту. В развитых странах основной закон также подвергается изменениям и дополнениям. Как известно, первая в истории человечества Конституция в современном понимании была принята в США 17 сентября 1787 г. Всего в Конституцию США было внесено 27 поправок, в том числе десять поправок, составляющие Билль о правах. Содержание статей Конституции дополнялось федеральным законодательством и решениями Верховного Суда. В отличие от конституций многих других стран содержащиеся в поправке к Конституции США изменения не вносятся в основной текст. Поэтому положения Конституции США, которые изменяются или отменяются поправкой, остаются в тексте, хотя и утрачивают силу. Данная практика имеет свои позитивные стороны. Это особо значимо при изучении текста Конституции с научной точки зрения.

Обратимся к вопросу о том, что же должно оставаться неизменным при принятии поправок в конституцию? Любая конституция направлена в будущее. Срок жизни Конституции должен быть достаточно долгим. Но это не означает, что нельзя изменять или дополнять Конституцию. Что касается нашей Конституции, то в ней есть нормы, которые не будут подвергаться изменениям, так как эти положения полностью отвечают интересам общества в целом. Это нормы, касающиеся стремления государства к прогрессивному развитию, положения о миролюбивом характере нашего государства, положения о межнациональном согласии и межконфессиональных отношений, нормы относительно прав человека и др. Все эти идеи получили отражение в преамбуле Конституции. Вместе с тем возможны изменения и дополнения норм, касающихся формирования и деятельности высших органов власти и управления.

Отметим некоторые интересные факты о главном законе республики. Так, в обсуждении проекта Конституции 1995 года принимали участие более 3-х миллионов граждан. В обществе прошло широкое обсуждение проекта Конституции, в общей сложности состоялось около 33 тысяч коллективных обсуждений проекта, в которых приняли участие более 3 миллионов граждан. Во время обсуждений было внесено почти 30 тысяч предложений и замечаний. В 55 статей были внесены более 1100 поправок и дополнений. Интересно, то, что существует самая большая и самая маленькая статья Конституции РК. Самая большая по количеству слов и в русской и в казахской версии Конституции – статья 61 раздела IV «Парламент». Это статья касается права законодательной инициативы, права Президента РК определять приоритетность рассмотрения законопроектов, права Парламента издавать законы и о процедуре передачи законопроекта от Мажилиса Сенату. Самая маленькая по количеству слов – 38 статья раздела II «Человек и гражданин». Она касается обязанности граждан заботиться о сохранении исторического и культурного наследия, беречь памятники истории и культуры. 38 статья также является самой маленькой по количеству слов и в казахской версии Конституции РК.

Завершая данную статью, хотелось бы обратиться к высказываниям Президента РК К.Токаева: «Конституция создала прочный правовой базис нашей независимости. Высшими ценностями государства были провозглашены человек, его жизнь, права и свободы. В этом документе получили свое закрепление принципы территориальной целостности страны, общественного согласия, политической стабильности, верховенства права и демократии. Были определены правовые, политические и социально-экономические предпосылки формирования новой казахстанской государственности». «За четверть века при широком участии гражданского общества были осуществлены три конституционные реформы. Однако созидательный потенциал Конституции не исчерпан и будет раскрываться по мере появления необходимых социально-экономических, политических и иных предпосылок».

Таким образом, в настоящее время основу развития нашего государства составляют идеи и положения, заложенные в основном законе страны.

**Подготовил**
**Каиржан ТУРЕЖАНОВ**



**Нағима СЕЙДАЛИЕВА,** Биофизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасының оқытушысы:

# Алдымызда заманға сай жаңғыру міндеті тұр

***XXI ғасырдағы адамзаттың басты, негізгі құндылықтары білімнен бастау алуында. Жастарымызды осы бағытта тәрбиелеп, әлемдік білім ошақтарынан тереңдетілген білім алып, халқымыздың игілігіне жұмыс істеуге баулуымыз керек. Мемлекет басшысының үндеуіндегі «Білімнің салтанат құруы» бөлімінде осыны меңзеп, халықты жаппай білім алуға шақырады.***

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы ұлттық сананы жаңаша қалыптастыру, өзге елдердің тәжірибесін, жетістіктерін бойға сіңіріп, пайдамызға асыру туралы айтқанын зиялы қауым қуана құптады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымы Елбасының «Қазақстан – 2050» стратегиясында алға қойған міндеттерін сапалы түрде орындайтынына сенімім мол. Сонымен қатар 30 жылдық егемендігіміздегі елдің ерен еңбегі Қазақстанның 30 дамыған елдің қатарына қосылуына септігін тигізері анық. Тәуелсіздік алғалы небір асулар мен белестерден өтіп, жаңа биіктерді бағындыруға жұмыла күш салып келеміз. Бүгінгі жетістік те тәуелсіз жылдары жүріп өткен даңғыл жолымыз арқылы жүзеге асуда. Сол үшін де егемендік қашанда қымбат әрі баға жетпес игі нығмет.

Мақалада біздің ұлттық кодымыздағы прагматизмнің бар екеніне дәлме-дәл негіздеме беріледі. Ұлы даладағы қатаң табиғи жағдайлар мен шөлейтті жерлердегі тіршілікпен байланысқан көшпенділік дәстүрі атабабаларымыздың бойына табиғатпен үндескен өмір салтын, яғни прагматизмді қалыптастырды. Өткен ғасырлардағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына талдау жасай отырып, Елбасы радикалдық идеологияның заманы мүлдем келмеске кеткенін тұжырымдайды. Сол себепті біздің болашаққа жасалатын ұранымыз реализм және прагматизм болмақ.

Сондықтан Президент мақаласының мағынасы мен қағидаларының қоғамның барлық топтарына жеткендігі маңызды. Талқылау бүкіл азаматтық қоғамның деңгейінде белсенді жүргізілуге тиіс. Бұл бағытта Қазақстан халқы ассамблеясы азаматтық қоғамдағы қозғаушы күш және Елбасының идеялары мен жасампаз саясатын тиімді жаюшы ретінде өте маңызды рөл атқарады. Жастардың борышы – Президенттің бағдарламалық мақаласында Елбасы қойған міндеттерді түсіну және зерделеу. Мемлекетіміздің әлемнің ең дамыған елдерінің отыздығына табысты кіруі үшін әрбір жас адам негізгі оқиғалардан, жаңа ағымдардан және технологиялық үрдістерден хабардар болып отыруы қажет. Елбасымыз айтқандай, мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан заманға сай жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр.

Қазақ ұлттық университетіне бет алған адамның көзіне ең алдымен Алатаудың ақ қарлы шыңдары және оның аясында ойға шомып тұрған әл-Фараби бабамыздың бейнесі шалынады. Мен үшін олардың бірі – табиғаттың, бірі – парасаттың символы іспетті. Ал табиғат пен парасат біздің ұғымымызда баянды да сәулелі, мәңгілік ұғымда... Осынау символдардың ғажап үйлесімі тек қана Қазақ университетіне, тек менің туған университетіме тән үйлесім екенін ойлағанда мақтаныш пен алғыс, жауапкершілік сезімдері жүрегімді тебірентеді. Осы сезіммен пендешілік тірлікті артқа ысырып тастап, рухани ордама қарай зор махаббатпен ұмтыламын...

Қарашаңырақ қаншама жасты білім нәрімен сусындатып, болашағына бағдар бере білді. Өзім Биофизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасында жұмыс істегеніме төрт жыл болды. Еңбек жолымды кафедра маманынан бастап, қазіргі таңда оқытушы қызметін атқарып келемін. Ғылым жолында жарық көрген мақалаларым республикалық, халықаралық жоғары рейтингке ие болып, жарыққа шыққан. Халықаралық деңгейдегі конференцияларда мәлімдемелер жасадым.

Университет қалашығы – өз ішінде студенттерге барлық мүмкіндікті қамтамасыз ететін арнайы кешен. Білімпаз жастың жан аралын кітаппен сусындатар кітапхана, талантты да талапты, өнерлі де өр жастардың басын біріктіретін Студенттер сарайы, спорттың сан салаларын дамытқан Спорт кешені, жастардың етене араласуына себепкер болатын жаңға жайлы тылсым әлем – жатақхана, өзіндік сәнімен көз тартатын ректорат ғимараты мен оқу корпустары ҚазҰУ-дың бүгінгі күнге дейінгі жетістіктері екеніне еш шүбәміз жоқ.

Мемлекет тарапынан қаржыландырылатын ғылыми зерттеулердің ең көбі ҚазҰУ қабырғасында іске асады. ҚазҰУ ғалымдарының зерттемелері өндіріске енгізілуде, ал ғылыми жұмыстар Scopus және Thomson Reuters мәліметтер базасына енетін жоғары рейтингті басылымдарда үнемі жарияланып келеді. Мұның өзі үлкен бір жетістік. ҚазҰУ Халықаралық Thomson Reuters агенттігінің «Ғылым саласындағы айтулы жетістіктері үшін» арнайы дипломымен марапатталған. ҚазҰУ-да Hewlett-Packard, Cisco, Intel, Konica minolta, Microsoft сынды атақты әлемдік компаниялардың оқу-ғылыми орталықтары мен зертханалар ашуы – университеттің ғылыми-технологиялық мүмкіндіктерін халықаралық деңгейде мойындаудың дәлелі. ҚазҰУ-дың студенттер үшін берер тағы бір мүмкіндігі деп – әлемнің жетекші университеттерімен бірге қосдипломдық білім беру бағдарламасын атап айтқан жөн. Сонымен бірге Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Орталық Азия ЖОО-ларынан жалғыз болып QS World University Rankings халықаралық рейтингісінде ең үздік университеттер арасында 165-орынға ие болды.

Биология және биотехнология факультеті – 1934 жылы ҚазМУ ашылғаннан бастап құрылған алғашқы факультеттердің бірі. Қазір жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеулерде және мамандарды даярлау барысында қолданылатын заманауи оқу бағдарламаларына сәйкес, биология және биотехнология факультеті деп аталады. Бүгінде бұл факультет ірі оқу-ғылыми орталығына айналған. Оның екі ҒЗИ-ында студенттер мен оқытушылар биология және биотехнология мәселелері, экология мәселелері, сонымен қатар заманауи биология, экология, биотехнология, биомедицина, спорт бағыты бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізеді. Факультет құрамында төрт кафедра бар: Биоалуантүрлілік және биоресурстар, Биотехнология, молекулалық биология және генетика, Биофизика, биомедицина және нейроғылымдар, сондай-ақ Биоклиника және агробиостанция. Факультеттің ерекше бөлімі – Биология музейінде бірегей зерттеу объектісіне жататын массалық, эндемик, сирек түрлердің 5000-нан астам нұсқадан тұратын қоры бар. Қазіргі уақытта биология және биотехнология факультетінде 1300-ден астам студент, магистрант және PhD докторант білім алады. «Биолог», «биотехнолог», «эколог», «балық өсіруші» және «спортшы» мамандарын даярлауға жоғары маманданған оқытушылар мен ғылыми қызметкерлер ұжымы қатысады. Олар: 30 ғылым докторы, 80 ғылым кандидаты, 10 PhD докторы. Магистранттар мен PhD докторанттар әлемдік жетекші университеттер мен ғылыми орталықтарда тәжірибе жинақтайды.

Жұмыс берушілер мен ҚР Ұлттық ғылым академиясы институттарының ірі ғалымдары мен жетекші мамандары студенттердің білім алуына өз үлестерін қосуда. Факультет 1934 жылдан бері 13 мың маманды әртүрлі биологиялық ғылым саласы бойынша дайындады. Олар ғылыми-зерттеу орталықтарында, өндірісте, республикамыздың орта және жоғары оқу орындарында, алыс және жақын шетелдік білім беру мекемелері – АҚШ, Франция, Канада, Ұлыбритания, Германия, Ресей университеттерінде қызмет атқарады. Факультет түлектері арасында мемлекет және қоғам қайраткерлері, сонымен қатар кәсіпкерлер де бар. Олар қазіргі оқу бітірушілерге жұмыс беруші бола тұрып, сонымен қатар олардың оқу жоспарларын құруға, студенттердің үздіксіз тәжірибеден өтуін қамтамасыз етуге белсенді атсалысады.

Факультет оқытушылары өздерінің белсенді халықаралық байланыстары нәтижесінде студенттер мен оқытушылардың академиялық мобильділігі үшін әлемдік алдыңғы қатарлы ғылыми орталықтары мен университеттерінде студенттерге 1-2 семестр оқуға мүмкіндіктер жасайды, ал ол оқу нәтижесі екі дипломдық бағдарлама бойынша, яғни студенттерге ҚазҰУ және шетел университеттерінің дипломын алып шығуға үлкен мүмкіндік береді. Факультеттің оқытушылары мен студенттері әрдайым шет тілі бойынша білімдерін жақсартуда. Факультетте мамандық бойынша ағылшын тілінде оқытатын топтар құрылды. Жыл сайын факультетте 30-дан астам шетелдік университеттің ғалымдары биология және биотехнологияның заманауи бағыттары бойынша дәрістер оқиды және шеберлік сыныптарын жүргізеді.

Біздің барлық студенттеріміз ғылыми жұмыспен айналысады және студенттер осы жұмыстары үшін төлемақы алады. Студенттерге ғылыми мәлімдемелерімен шетелде ғылыми конференцияларға, халықаралық олимпиадаларға барып қатысуға жағдай жасалған.

Бүгінде биология және биотехнология факультетінің студенттері өте белсенді. Шығармашылық жағынан, волонтерлік, қайырымдылық қорларын ұйымдастыру шаралары есебінен белсенді қызметтер атқарып, жастар арасында үлгі болып келеді. Бұл факультетіміз үшін де, оқу орнымыз үшін де көңіл қуантарлық жағдаяттар. Бүгінгі буын – ертеңгі алғы шеп. Сондықтан оларға қолдау көрсету, үлгі болу ұстаз ретіндегі біздің азаматтық борышымыз.

Ұстаздар – шәкірт бойындағы білім іргетасын қалаушы рухани құрылысшылар. Осындай аяулы қызмет иелерінің бірі – ҚазҰУ профессоры, «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісінің иегері Нұртай Торманұлы. Бүгінгі таңда Биофизика және биомедицина кафедрасының оқытушылар құрамында қызмет атқарады. 40-тан астам кітап пен монографиялардың авторы, 75-ке жуық тезистер мен баяндамалары жарық көрген. Бірқатар газеттер мен басылымдарда мақалалары басылып, ұстаздық қызметтің биік белесін еңсеріп, еңбек сіңірген тұлғалардың бірі.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тәуелсіз еліміздің жоғары оқу орындарының арасында шоқтығы биік, қашанда дара тұратын білім ордасы. Әрине, бұл асқақ мәртебе аталған оқу орнының бір күнгі жемісі емес, құрылған күннен бүгінгі уақытқа дейінгі қалыптасу мен дамудың, бірнеше буын өкілдерінің қажырлы еңбегінің нәтижесі. Қазіргі кезеңде бұл жоғары оқу

№31 (1813), 28 ТАМЫЗ, 2021 ЖЫЛ
АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

орны дамудың жаңа сатысына аяқ басқандай. Себебі еліміздің тәуелсіздік мұратын баянды ету жаңа стратегиялық мақсаттарды алға тартуда. Сондықтан да ғаламдану үдерісінен қалмай, дамыған елдердің жоғары оқу орындарымен иық тірестіру үшін ғылым мен білімнің жаңа технологияларын оқу үдерісіне алғашқылардың бірі ретінде енгізіп, қомақты нәтижеге қол жеткізуде.

Біздің университет алдыңғы қатарлы ғылым мен білімнің аса ірі орталығы. Оқу орны білім алушы тұлғаның жан-жақты дамуына, өзін-өзі кемелдендіруіне қажетті жағдай жасау үшін бар күш-жігерін салып, студенттің өзін-өзі басқаруға, көшбасшылық қасиеттерге тәрбиелеуге мол мүмкіндіктер тудыруда.

Отыз жыл ішіндегі ең бірінші және ең негізгі жетістігіміз, ол – тәуелсіздік. Қазіргі таңдағы Қазақстан мен 30 жыл бұрынғы Қазақстанның айырмашылығы ауыз толтырып айтарлықтай. Елімізді дүниежүзінің тануы, біздің халықаралық деңгейде жарыстар ұйымдастыруымыз үлкен мәртебеміз деп білемін. Бүгінгі таңда тәуелсіздік алғалы бері өткен 30 жыл ішінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әлемдік деңгейде танылып, бірқатар мемлекеттермен академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша байланыс жасау үстінде.

ҚазҰУ-да оқып жүрген студенттердің жан-жүрегі де, мінезі де ҚазҰУ табиғатындай көркем болып, ақыл-парасаты Алатаудай биіктеп, әл-Фарабидің: «Ғылыммен айналысамын деген адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері зор, тілек-мақсаты ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге талап жолында болуы шарт. Жай ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет онда болмасқа керек», – деген сөздерін жадынан шығармаса әрі әрбір студенттің бойынан осы қасиеттер көрініс тапса екен деген үлкен тілегім мен ниетім бар.

Ғылым мен білімнің қайнар көзі, жастардың тұлғалық дамуының ордасы, асқақтық пен ұлылық белгісі, мемлекетімізде кадрларды даярлаудағы негізгі көшбасшы, талай қайраткерді тәрбиелеп шығарған Қазақстандағы ғылым ұстаханасына 87 жыл толып отыр. Ал осы жылдар бойы қанша бала қыранды бауырына басып, дана қыран қылып ұшырған білім ордамыздағы түлектердің де алар орны ерекше.

**Дайындаған**
**Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ**



***В канун 30-летия независимости Республики Казахстан вся прогрессивная общественность подводит итоги экономического, политического и социального развития казахстанского государства и общества за прошедший период. В годы укрепления суверенитета и независимости нашей страны одним из важнейших инструментов демократического правового государства являлся и является Конституционный Совет РК, который осуществляет функцию конституционного контроля, то есть защиты Конституции и обеспечения условий для ее успешного функционирования. В преддверии Дня Конституции мы беседуем о значении Конституции РК 1995г. для эффективного поступательного движения Казахстана, о месте в этом процессе Конституционного Совета РК и о роли КазНУ им. Аль-Фараби в развитии республиканского органа конституционного контроля с доцентом кафедры теории и истории государства и права, конституционного и административного права КазНУ им. Аль-Фараби, доктором юридических наук БАЙМАХАНОВОЙ Д.М.***

**Дина БАЙМАХАНОВА**, доктор юридических наук:

# Взаимодействие осуществляется по нескольким направлениям

**– Дина Муратовна, скажите, пожалуйста, какое значение имеет Конституция Республики Казахстан 1995г. для дальнейшего развития страны?**

– Принятая в 1995 году Конституция Республики Казахстан является основой и залогом успешного развития страны по восходящей, к дальнейшему экономическому росту и развертыванию процессов демократии. Конституция закрепляет основу экономической и политической системы, широкий комплекс прав и свобод человека и гражданина, основы правового механизма их гарантирования, обеспечения и защиты, основы организации и деятельности всего государственного аппарата и всех элементов гражданского общества. Конституция служит фундаментом всех проводимых в стране социальных реформ. Ее специфику и важность для поступательного движения вперед неоднократно отмечали как отечественные, так и зарубежные государственные деятели, ученые- конституционалисты и практики. Как утверждает известный казахстанский ученый, экс-Председатель Конституционного Совета РК И.И. Рогов, регулятивный потенциал действующей Конституции сегодня далеко не исчерпан. Основы конституционного строя Республики Казахстан, права и свободы человека и гражданина, формы собственности, зафиксированные в Конституции, учитывают долговременные потребности и исторические тенденции развития нашей страны. На ее базе функционирует национальное законодательство, создаются и эволюционируют государственные и общественные институты. Без неукоснительного исполнения и реализации норм Конституции РК невозможно эффективно осуществлять поступательное движение во всех сферах жизни страны. Конституция, ее нормы, принципы и идеи – это тот фундамент, который обеспечивает будущие достижения страны.

**– С 1995г. в Казахстане функционирует специализированный орган конституционного контроля – Конституционный Совет. Когда он был учрежден и чем занимается?**

– Конституционный контроль в Казахстане осуществлялся в первые годы независимости, до принятия Конституции 1995 года, специализированным органом – Конституционным Судом, а в соответствии с Конституцией 1995 года – Конституционным Советом. Реформа органа конституционного контроля в 1995 году была обусловлена многими обстоятельствами. Конституционный Совет является одним из центральных элементов механизма защиты прав граждан РК, он разрешает возможные конфликты между различными ветвями власти. Кроме этого он осуществляет большой объем работы по научному осмыслению и развитию положений конституционной доктрины, выработке предложений по совершенствованию законодательства и разъяснению и пропаганде конституционных идей среди различных слоев населения. И Первый Президент РК – Елбасы Н.А.Назарбаев, и действующий Президент РК К.К.Токаев в своих выступлениях и трудах неоднократно подчеркивали, что Казахстан строит правовое государство, основанное на принципе законности и верховенства Конституции РК. Конституционный Совет РК осуществляет свою главную функцию – защиту Конституции.

**– КазНУ им. Аль-Фараби за все время функционирования Конституционного Совета успешно с ним сотрудничает. Пожалуйста, раскройте основные направления этого взаимодействия.**

– КазНУ им. Аль-Фараби является одним из крупнейших учебных заведений страны, который с момента обретения Казахстаном суверенитета и независимости, прошел длинный путь развития, совершенствования своего научного потенциала, воспитания целой плеяды специалистов в различных сферах, которые внесли существенный вклад в становление государственности, осуществление экономических и социальных преобразований, развития науки, прорывных проектов. Юридический факультет КазНУ всегда тесно взаимодействовал с органом конституционного контроля, как с Конституционным Судом, так и с Конституционным Советом Республики. Это взаимодействие осуществлялось и осуществляется по нескольким направлениям.

Некоторые талантливые преподаватели КазНУ им. Аль-Фараби были избраны (назначены) в состав или в аппарат Конституционного Суда и впоследствии – Конституционного Совета РК. Преподаватели Университета неоднократно участвовали в подготовке экспертных заключений по поручениям членов Конституционного Суда (Совета) для подготовки материалов к его заседаниям. Члены Конституционного Суда и профессорско-преподавательский состав юридического факультета регулярно совместно участвуют в научных и научно-практических конференциях, в подготовке коллективных монографий и проведении других научных исследований.

**– Не претендуя на подробный анализ всех названных направлений сотрудничества Конституционного Совета РК и КазНУ им. Аль-Фараби, вклад каких педагогов, профессоров и выпускников КазНУ в теорию и практику развития института конституционного контроля в Республике Казахстан вы могли бы особо отметить?**

– Одним из выдающихся выпускников юридического факультета КазНУ им. Аль-Фараби, внесшим существенный вклад в развитие теоретических основ и практической основ новой правовой системы и юриспруденции, деятельности органа конституционного контроля в Республике Казахстан, является И.И. Рогов, д.ю.н., профессор. С 1992 по 1995 год он являлся заместителем Председателя Конституционного Суда РК. Длительный период с 2004 по 2017 годы Игорь Иванович занимал пост Председателя Конституционного Совета РК, руководил всеми направлениями его практической деятельности. По инициативе Рогова И.И. членами Конституционного Совета совместно с представителями научной юридической общественности, включая профессорско-преподавательский состав юридического факультета КазНУ им. Аль-Фараби, были проведены крупные монографические исследования по конституционно-правовой проблематике и анализу всех сторон работы Конституционного Совета.

С 2017 года пост Председателя Конституционного Совета РК занял К.А.Мами, д.ю.н., профессор. Государственный и общественный деятель, исследователь судебной ветви власти и, в целом, правоохранительной функции государства, он также является выпускником КазГУ им. С.М.Кирова (КазНУ им. Аль-Фараби). Возглавляя Конституционный Совет, Кайрат Абдразакович эффективно руководит его деятельностью, продолжая развивать в своих трудах положения доктрины конституционного контроля, совершенствуя все направления работы Совета. Особое внимание при анализе деятельности органа конституционного контроля К.А.Мами уделил исследованию роли Президента Республики в развитии этого института и формам их взаимодействия. Глава государства входит в круг субъектов обращения в Конституционный Совет.

Сегодня мы особо отметили деятельность на посту Председателя Конституционного Совета РК таких выдающихся ученых и практиков как И.И.Рогов и К.А.Мами, но, конечно, следует обратить внимание и на таких известных деятелей науки и юридической практики, выпускников и бывших преподавателей юридического факультета КазНУ им. Аль-Фараби, которые также трудились судьями Конституционного Суда РК и членами Конституционного Совета РК, как М.Т.Баймаханов, В.А.Малиновский, С.Ф.Ударцев, А.А.Темербеков, К.Ж.Балтабаев, Л.И.Башаримова, Н.В. Белоруков, Ж.Д.Бусурманов, С.Ф.Бычкова, А.Н.Жаилганов, У.К.Ихсанов, С.А.Касимов, Г.В.Ким, С.Н.Сабикенов, У.М.Стамкулов, а также А.К.Котов, В.В.Мамонов и А.Е.Есенжанов. Каждый из них многократно подтвердил ту высокую квалификацию и ответственное отношение к избранной специальности, которые они получили в КазНУ им. Аль-Фараби. Выпускники КазНУ на протяжении всего существования органа конституционного контроля вносили и продолжают вносить свой вклад в развитие этого института, как теоретически, исследуя разные аспекты его организации и деятельности, его правовые позиции и другие вопросы, так и практически, ежедневно осуществляя руководство его деятельностью, решая поставленные перед ними задачи по защите Конституции РК.

**– Спасибо!**

**Беседовал**
**Каиржан ТУРЕЖАНОВ**

АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ • №31 (1813), 28 ТАМЫЗ, 2021 ЖЫЛ

# Ұстаз – жердегі Темірқазық

***«Тамырсыз ағаш, тарихсыз халық болмайды» деп ата-бабаларымыз асқан көрегендікпен айтып кеткен. Әрбір кәсіптің өз бастауында тұрар бір тамыры бар. Бұл – ұстаздық. Ұстаздық – барша мамандықтың бастауы, бұл кәсіптің ұлылығымен теңдесетін мамандық болмас, сірә. Батылдық пен мейірімді жүректі, төзімділік пен саф алтындай таза көңілді, жан-жақтылық пен терең ізденісті талап ететін ғажайып мамандық.***

Ұстаз – шәкірттің жердегі Темірқазығы. Аспанда Темірқазық өз орнынан жылжымай, ғасырлар бойы жолаушының шамшырағы болып келеді. Дәл сол секілді жер бетінде де адамдықтың жолында ұстаздар ертеңгі ересек тұлғаның өмірлік сапарындағы қысқа бір мезеттегі Темірқазығы болып, өзінің бастапқы мақсатынан айныған емес. Соншалықты жарық, соншалықты анық бейнесін қалыптастырған ардагер кәсіп иелерін құрметтеу баршамызға жүктелер міндет екені хақ. Атағы жер жүзіне жайылып, жарты әлемнің падишахы болған Ескендір Зұлқарнайын да даңқы мен атағының бастаушысы деп Аристотельді санауының өзі ұстазға деген құрметтің ұлылығының айқын дәлелі.

Ұстаз – адамдықтың диқаншысы. Адам тәрбиелеудің, жеке тұлғаны қалыптастырудың бағбаны. Кіршіксіз, пәк сезімді жас ұрпақты арман жолына жетелейтін де, білімнің қия шыңына көтеретін де ұстаз. Надандықтың қараңғы аспанында жасындай жарқ етіп шамшырақ болар да – ұстаз. Ендеше ұстаз дегеніміз – ұлы өнер иесі. Білім сахнасында мәңгі ойнар әртіс. Сондықтан бұл кәсіп иесінің сан қырлы талантқа, талайды тамсандырар шешендік пен жүректі елжіретер мейірімге ие болуы шарт.



Елбасымыз Н.Назарбаев «Еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында» деп атап көрсеткендей, ұрпақ тағдыры үшін жауап беру ұстаз атаулыға үлкен салмақ салды. Осындай ауыр жауапкершілікті мойнына ала отырып бүгінгі ұстаздар ертеңгі кемел болашақтың алтын қазықтары болмақ. Білім кілті ұлағат иелерінің кең пейілді жарқын бейнесі мен білімдарлығы арқылы шәкірт санасында қалары сөзсіз. Ұлы ағылшын ағартушысы Уильян Уорд: «Жай мұғалім хабарлайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, ұлы мұғалім шабыттандырады», – деген екен. Демек, келешек жарқын тұлғаның жетістік бастауы ұстаз сіңірткен сапалы білімнің арқасы болары даусыз.

Тәуелсіз мемлекеттің ертеңі – ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен білігіне, іскерлігіне байланысты. Іскер, жаңаға жаны құмар, үздіксіз ізденіс үстіндегі мұғалім ғана оқушыға сапалы білім бере алады. Тұла бойында тұлпардай тулаған дарынын қамшылай түсіп, жаңа шыңға көтерілемін деген бала әркез өмірден өзінің шынайы орнын табатыны хақ. Ұстаздарымыз болмысындағы бар қасиет, құрметін, өмірден санасына түйген байлығының барлығын оқушысына сыйлап, көкірек көзіне сөнбейтін алау жағады, шабытын шыңдайды. Шәкірттерінің келешегі жөнінде ойланып, олардың қабілетті шәкірт болып, үлкен биіктерден көрінуін қалайды.

**У.АХАТОВ,**
*ҚазҰУ заң факультеті деканының оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, доцент*

**Н.СЕЙДАЛИЕВА,**
*Биофизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасының оқытушысы*

# Успехи в области науки и образования

***За три десятка лет становления независимого Казахстана сфера науки и образования претерпела множество реформ, также как и промышленная отрасль и другие социальные направления. Много было высказано нареканий проводимым реформам, которые действительно были неудачными и потребовали новых изменений. Все эти события послужили извлечению положительных и отрицательных уроков. Критическое переосмысление происходящих процессов непрерывно отражают аналитики, время от времени разрушая привычные взгляды и понимание развития казахстанской системы образования и науки. Однако в юбилейные даты принято подводить итоги и отмечать позитивные сдвиги. Действительно, пройден большой путь и много чего достигнуто.***



С обретением статуса самостоятельного государства Министерство образования и науки Казахстана начало целевое финансирование нескольких образовательных и научно-исследовательских программ: «100 школ, 100 больниц», в том числе более 20 Назарбаев интеллектуальных школ физико-математического и химико-биологического направлений, созданных в крупнейших городах страны, несколько программ по развитию альтернативной энергетики, программа коммерциализации технологий, «Болашак» и другие. Появились новые государственные и частные университеты и академии, были приняты законы «О науке», «Об образовании», «О коммерциализации результатов научной и (или) научно-технической деятельности». Лучшим студентам и преподавателям назначают именные премии и стипендии: имени Аль-Фараби, Д.А.Кунаева, К.И.Сатпаева, Ч.Ч.Валиханова, Ы.Алтынсарина, М.О.Ауэзова, Первого президента РК. Самым достойным представителям отечественных науки и образования ежегодно присуждают звания «Лучший учитель», «Лучший преподаватель ВУЗа», «Лучший молодой специалист», награда «За академическую честность». На базе ведущих университетов страны были созданы 20 лабораторий инженерного профиля и 5 национальных научно-исследовательских лабораторий, ускоритель тяжелых ионов DC-60 в ЕНУ им. Л.Н.Гумилева.

В мировом сообществе Казахстан не вызывает предубеждений, в отличие от СССР, и России. Наше государство отличается миролюбивой внешней политикой, внутренней стабильностью, отсутствием острых проблем в социальной сфере и террористических угроз, поэтому формирует благоприятный имидж наших молодых сограждан, обучающихся по программам двухдипломного образования, академической мобильности, выезжающих на стажировки, принимающих участие в международных тренингах, повышении квалификации. Наши преподаватели начали получать приглашения от зарубежных университетов, хотя, конечно, все чаще иностранные специалисты получают места в казахстанских ведущих образовательных учреждениях: Назарбаев и Сатпаев университетах, КБТУ, КазНУ, КИМЭП, МУИТ и др.

В 2010 году Казахстан присоединился к Болонской декларации и начал внедрять мировые стандарты в образовательный процесс, хотя во многих ВУЗах академические ступени бакалавриат-магистратура-докторантура были введены за несколько лет до этого. Переход на кредитную форму обучения был резким, внедрялся стремительно и на начальном этапе вызвал много споров, недопонимание и неприятие в целом. Потом проявились очевидные плюсы, в том числе возможность выбирать самостоятельную образовательную траекторию, преподавателей, накопительная система баллов, возможность перезачета дисциплин при переходе на другую специальность или в другой ВУЗ, в том числе перевод на обучение в другую страну. Дипломы казахстанских ВУЗов начали признавать международные образовательные учреждения и работодатели. Однако переход к понятию «образовательные услуги» привел к некоторой деформации процесса обучения и статуса студента и преподавателя в частности, и в таких отношениях студент, скорее, рассматривается как клиент или же заказчик, а преподаватель выступает как исполнитель и все правовые нормы переходят все больше в плоскость не столько развития духовно-нравственных ориентиров и освоению предметных знаний, сколько в материально-рыночные представления о сумме навыков, компетенций, критериев и показателей. При этом выпускающие образовательные учреждения, в особенности частные, совсем не гарантируют своим выпускникам трудоустройство по специальности. И поскольку дипломированных специалистов во всех отраслях становится больше существующих рабочих мест, все острее развивается конкуренция, в которой определяются сильнейшие из лучших. В целом такой естественный отбор отражает мировые тенденции.

Кроме того, среди позитивных аспектов эволюции научно-исследовательского и образовательного кластеров следует также отметить ежегодно проводимые конкурсы на государственное финансирование коллабораций, индивидуальные гранты, для молодых ученых, отдельные разработки получают поддержку частного капитала и фондов, в том числе международных. В настоящее время особый акцент делается на интеграцию образования, науки и производства, создаются технопарки, бизнес-инкубаторы, офисы по коммерциализации технологий, внедряется программа ГПИИР. Возросло число публикаций казахстанских исследователей в международных рейтинговых изданиях, индексируемых общепризнанными базами данных Scopus и Web of Science.

Все эти положительные тенденции позволили Казахстану по ряду показателей переместиться вверх в репутационных рейтингах. Так, наша страна в течение 10 лет находится на 8-й позиции из 100 стран мира по «Индексу развития образования» по данным ЮНЕСКО.

**А.А.МИГУНОВА,**
*КазНУ им. Аль-Фараби*

QAZAQ UNIVERSITETI
• WWW.KAZNU.KZ



№31 (1813), 28 ТАМЫЗ, 2021 ЖЫЛ • АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

***Энергия – бұл адамзат тіршілігінің дамуына жағдай жасаушы және ынталандырушы бірден-бір табиғи қайнар көз. Бүгінде әлем жаңа технологияларды кең көлемде, өте жылдам игеруде. Осыған дейін Елбасымыз энергияның балама көздерін іздеу жобалары бойынша ірі база жасақтау XXI ғасырдың маңызды бағыты екенін атап өтті. Соңғы жылдары биологиялық объектілер мен үрдістерді қолдана отырып, сарқылмайтын қуат көздерін алу қайта қалпына келетін энергияның негізі болып табылады.***



# Биологиялық энергияның болашағы зор

Университетіміздегі биология және биотехнология факультетінің деканы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Болатхан Заядан осы бағыттағы ғылыми жобалар туралы айтып берді. Биологиялық объектілер және олармен түзілетін үрдістерді қолдану негізінде энергия өндіру – биоэнергетика деп аталады. Мәселен, биогаз алу, биомасса өндіру, биодизель, сутегі биосинтезі. Олар сарқылмайтын қуат көзіне жатады. Бұл салада биомасса тиісті өңдеуден өту арқылы отын ретінде қолданылады. Оның негізі – фотосинтез құбылысы.

Биоэнергетика – экология мен экономика арасындағы теңдікті қатар ұстауға мүмкіндік беретін келешегі мол сала. Органикалық қалдықтардан энергия алу көптеген мәселенің түйінін шешуге сеп болар еді. Себебі мұндай массаның жалпы мөлшері әлемдік көмір, мұнай және газ көлемінен бірнеше есе асып түседі. Әрі қалдықтарды шикізат ретінде қолданғандықтан, қоршаған ортаның ластануы азайып, табиғи ресурстар сақталады.

Бүгінгі таңда биоэнергетиканы өркендетуде университет ғалымдары талмай еңбек етуде. Академик Болатхан Заяданның айтуынша, биология және биотехнология факультетінде 2010 жылдан бері биожанармай алуға бағытталған жобаларды жүзеге асырып келеміз. Қазір факультет ғалымдары осы тақырыпта төрт үлкен ғылыми жоба аясында зерттеу жүргізуде. Мәселен, б.ғ.д., академик А.Бисенбаев жетекшілік ететін «Целлюлозалы шикізаттан биоотын алу мақсатында целлюлоза гендерін тиімді экспрессиялай алатын микроорганизмдердің рекомбинатты штамдарын алу» ғылыми жобасын айтуға болады. Осы бағыттағы зерттеу жұмыстары нәтижесінде биоэтанол өндіру қарқынын жылдамдататын Saccharomyces cerevisiae трансгенді өндірістік штамдарын алды. Биоэтанол өндіруде мұндай өндірістік ашытқы штамдарының өзіндік үлесі бар.



Биотехнология лабораториясында б.ғ.д., академик Б.Заяданның жетекшілігімен «Май продуценттеуші-белсенді микробалдыр штамдарының негізінде сұйық биодизельді жанармай алу технологиясын өңдеу» жобасы бойынша қарқынды зерттеу жүргізілуде. Сұйық биодизель отынын алу мақсатымен жоғарғы мөлшерде май синтездейтін микробалдырлар штамдарын алуға бағытталған селекция жұмыстары іске асырылып келеді.

Болатхан Қазыханұлының айтуынша, селекция және мутагенез тәсілдерін пайдаланып, 28-35 пайызға дейін липид синтездейтін микробалдыр Chlorella pyrenoidosa C-2m мутант штамы алынған. Ары қарай оны жалпылай өсіруге оптимизация жасау, биодизельді жанармай алу технологиясы өңделу үстінде. Қазақстанда алғаш рет Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде микробалдырлар мен цианобактериялар коллекциясы құрастырылды (CCMKazNU-Culture Collection of microalgae, Al-Faraby Kazakh National university). Бұл коллекцияда өнеркәсіптік биотехнологияда болашағы мол 13 туыс және 25 түрден тұратын микробалдырлардың 90-ға жуық табиғи және мутантты штамдары сақталады.

Профессор Б.Заядан «Болашақ энергиясы» тақырыбына арналған EXPO-2017 халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысып, жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Оның жетекшілігімен шетелдік Adunic (Австрия) және EcologicStudio (Лондон) компанияларымен бірлесіп, «EXPO-2017 шеңберінде фотобиореакторларда биодизель алу үшін микробалдырларды жаппай дақылдау және мониторинг жүргізу» жобасы жасалды.

Сонымен бірге осы тақырыптағы тағы екі ғылыми жоба грантын ұтып алды. Біріншісі – б.ғ.к., доцент А.Сәдуақасованың жетекшілігімен жүзеге асырылып жатқан «Биобутанол – сұйық отынын алу үшін отандық микробалдырлар коллекциясының биотехнологиялық потенциалын зерттеу» жобасы. Екіншісі – PhD доктор К.Болатханның жетекшілігімен «Биоотын алу үшін перспективалы цианобактериялардың штамдары негізінде биосутегін өндіру технологиясын жасау» жобасы. Аталмыш жобаларға қатысушы мамандар 2021-23 жылдар аралығында микробалдырлар мен цианобактериялар негізінде биологиялық энергия алу жөнінде жаңа ғылыми бағытта жұмыс істейді.

Биологиялық отындардың ішінде биосутегі – ең таза және құнды түрі. Экологиялық таза әрі сарқылмайтын энергия тасымалдаушысы ретінде оның болашақтағы потенциалы өте жоғары. Цианобактерияларды сутегінің продуценті ретінде пайдалану өте өзекті және пайдалы. Өйткені олар күн энергиясын конверсиялау арқылы сутегін түзеді және күрделі қымбат коректік ортаны қажет етпейді. Сонымен қатар биоотын өндірілгеннен кейін қалған биомассаны мал азығы ретінде пайдалануға болады. Бұл бағытта профессор Болатхан Қазыханұлы Токио ғылым университетінің (Tokyo University of Science) жаратылыстану ғылымдары факультетінің профессоры Томо Тацуямен тығыз қарым-қатынас жасайды. Жапондық ғалыммен фотосинтетикалық микроорганизмдер негізінде биосутегі алу үшін зерттеулер жүргізілуде. Осы ынтымақтастық аясында Б.Қосалбаев пен А.Какимованың PhD докторлық диссертацияларына профессорлар Томо Тацуя мен Болатхан Заядан жетекшілік етеді.

Жоғарыда аталған ғылыми жобалар Ресейдің Екатеринбург қаласында екі ел президенттерінің қатысуымен өткен халықаралық көрмеде таныстырылды. Нәтижесінде төрт ғылыми жоба да көптеген ғалымдар мен бизнесмендердің көңілінен шыққанына куә болдық.

Ендігі кезекте биодизель өндірісі және оны қолданудың экологиялық аспектілеріне тоқтала кетсек. Болатхан Қазыханұлының айтуынша, биодизель суға түскен жағдайда өсімдіктер мен жануарларға ешқандай да зиян келтірмейді. Оның бір артықшылығы – толық биологиялық жолмен ыдырайды. Топырақта және суда кездесетін микроорганизмдер биодизельді 28 күнде 99 пайызға ыдыратып жібереді. Нәтижесінде сулар мен көлдердің ластануы және көмірқышқыл газының мөлшері азаяды. Биодизельдің кәдімгі дизельді отындардан айырмасы – құрамында күкірт мүлде болмайды. Бұл экологиялық тұрғыда тиімді екені даусыз.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басшысы Ж.Түймебаев оқу ордасында коммерциялық орталықтарды құру, практикалық маңызы зор ғылыми жұмыстарды дамыту, оларды өндіріске енгізетін инновациялық жобаларды дайындауды тапсырды. Ректор елімізге пайда беретін ғылыми жобалардың келешегі мол деп санайды. «Ғылым халық үшін жұмыс істеуі керек» деп, университеттің ардагер және жас ғалымдарымен кездесуінде шегелеп айтты.

Бүгінде әлем ғалымдары инновациялық технологияны өркендетуде биоэнергетика бағыты өзекті деп санайды. Сондықтан биоэтанол, биодизель, биобутанол және биосутегін алу технологиясын өңдеуге қарашаңырақтың биолог ғалымдары атсалысып жатқаны қуантарлық жағдай. Ұрпақ денсаулығын сақтау мен отандық экологияны қорғауда биологиялық таза энергияны пайдалану маңызды. Сондықтан биологиялық энергия алу біз үшін болашағы зор ғылыми бағыт.







**Дайындаған**
**Кәмила ДҮЙСЕН**

АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ
№31 (1813), 28 ТАМЫЗ, 2021 ЖЫЛ

# Поздравляем юбиляра!

***Быть ученым, как и быть педагогом — значит не принадлежать себе, а всецело отдать себя ученикам и науке, что требует колоссальных затрат времени, сил и энергии. Доцент кафедры информатики Нестеренкова Лариса Алексеевна в этом году празднует свое 70-летие.***

Нестеренкова Л.А. – выпускница КазГУ им. С.М.Кирова по специальности «Физика – физическая газовая динамика», после окончания университета была распределена, в лабораторию математического моделирования под руководством проф. Лукьянова А.Т. Ее педагогическая деятельность началась ассистентом механико-математического факультета и по настоящее время доцент КазНУ им. Аль-Фараби.

В 1984 году успешно защитила диссертацию на соискание ученой степени кандидата физико-математических наук,по специальности 01.04.14 на тему «Математическое моделирование установившегося неизотермического течения высоковязкой нефти в трубопроводе», ученое звание доцента по специальности «Математика» с 2000 г.

Ее общеобразовательные курсы: «Уравнения математической физики», «Компьютерный цикл», «Физика», «Информационно – коммуникационные технологии» и многочисленные спецкурсы по математическому и компьютерному моделированию, численным методам для бакалавров и магистрантов, такие как «Математическое моделирование физических процессов», «Программирование в мультимедийных средах», с большим удовольствием слушают студенты. Лариса Алексеевна руководит дипломными и выпускными работами, ею изданы и опубликованы 110 научных работ, получено 9 патентов и 2 диплома ВДНХ Каз ССР, монография в соавторстве, несколько учебных и методических пособий. В течение 10 лет она руководила группой по разработке программного обеспечения АСУ ТП нефтепровода Узень – Атырау. Разработанный под ее руководством комплекс программ был принят в Государственный фонд алгоритмов и программ СССР (г. Москва).

В этот год Лариса Алексеевна отмечает свой 70-летний юбилей. Факультет информационных технологий и коллектив кафедры информатики сердечно поздравляет своего коллегу доцента, высококвалифицированного специалиста, замечательного человека – Ларису Алексеевну Нестеренковой с этой знаменательной датой и желают крепкого здоровья, благополучия, долгих лет жизни, успехов и высоких достижений.

**Б.А.УРМАШЕВ,**
*проф., декан факультета информационных технологий*

**Т.Х.ХАКИМОВА,**
**З.М.АБДИАХМЕТОВА,**
*доценты кафедры информатики*

## Біздің оқырман




**Қайрат ЛАМА ШАРИФ,**
*Қазақстан Республикасының Египет Араб Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі*

*Суретті түсірген – Марат Жүнісбеков*

# ҚазҰУ – үлкен мүмкіндіктер мекені

***Тоқсан жылға жуық тарихы бар еліміздің ең алдыңғы қатарлы білім ордасы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қазіргі таңда 20 мыңға жуық студент білім алуда. Бұл оқу орны қазақтың жетекші классикалық университеті мәртебесіне ие. Бүгінде елдегі білім мен ғылымның ірі орталығына айналып отыр. Иә, университет – іргелі білім ордасы, кешенді ғылым орталығы, заманының заңғар перзенттері қызмет еткен қасиетті қарашаңырақ. Білім мен ғылымның ғана емес, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерін тәрбиелеп өсірген, азаматтық тұлға қалыптастыру мен шеберлік шыңдаудың да жоғары сатысы.***




Мұнда ізденушілердің талабына сай бар жағдай жасалған. Әрине, мұны ғажайып әлем десе де болар, ең бастысы – талай бала қыранның қанатын қатайтып, қияға самғатқан Студенттер сарайы, тарихы тереңде жатқан ҚазҰУ-дың бір сәтке көз алдына елестететін жеке мұражай, заман талабына сай жабдықталған 300 адамдық интернет орталығы бар. Қазіргі кезде университет 37 мамандық бойынша кадрлар даярлайтын жоғары оқу орны және ғылыми-зерттеу орталығына айналды. Университетте 2000-нан астам жоғары білікті оқытушы жұмыс істейді. Мұнда еліміздің барлық өңірінен, сондай-ақ алыс және жақын шетелден келген 15 мыңға жуық студент білім алуда. Ұлттық университет АҚШ, Европа және Азия университеттерімен бірігіп, қосдипломды білім беру бағдарламасын алғаш қолға алды. Бұл оқу орнының әлемдік білім беру кеңістігінде жоғары бәсекеге қабілеттілігін айқындап берді.

ҚазҰУ қалашығы тек көрікті ғана емес, еліміздегі жалғыз әлемдік деңгейдегі шәкірттік кампус. Оның аумағында мұражай экспонаттары, Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы, спорт кешені мен стадион орналасқан. Студенттік қалашық толығымен Wi-fi жүйесіне қосылған. Ыстықкөл демалыс орны мен заманауи спорттық-сауықтыру лагерінің есігі демалушыларға айқара ашық. ТМД еліндегі жалғыз үлкен ауқымды «Әл-Фараби» кітапханасы, жаңа ғимараттар, әскери кафедра, технопарк, 5000 студентке арналған студенттер үйі, медициналық орталық пен студенттерге қызмет көрсету орталығының бәрі де білімгерлердің игілігі үшін қызмет етеді.

Студенттер сарайындағы өнерлі тәлімгерлерге арналған студенттер клубының дарынды мүшелері талай байқаулардың жеңімпаздары. Соның бірі ретінде «Бақыт» би ансамблін ерекше атап өтуге болады. Университетімізде дәстүрлі түрде «Жалын» бірінші курс таланттарын анықтау, «Студенттік көктем», КТК, «Ана тілі аруы», «Жігіт сұлтаны» сияқты байқаулар жоғары деңгейде өткізіліп тұрады. Сондай-ақ студенттердің көшбасшылық қабілеттерін, ұйымдастырушылық қасиеттерін дамыту мақсатында жастар ұйымдары комитеті жұмыс істейді. Оның құрамына «Сұңқар» студенттер кәсіподағы, Студенттер сенаты, «Көмек» еріктілер қозғалысы, студенттер кеңесі, Болон үдерісі бойынша студенттік бюро, студенттердің ғылыми қоғамы кіреді.

ҚазҰУ – талантты, дарынды студенттердің басын біріктіріп отырған мекен. Бұл сыйластық пен шынайы достықтың, ғашықтардың мекені. ҚазҰУ – адамның тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, оның жан-жақты қабілетін ашып көрсетуіне мүмкіндік беретін құтты мекен.

**Г.ҚАЙРАҚБАЕВА,**
*Шет тілі кафедрасының аға оқытушысы*

**А.ЗАХАРИЯНОВА,**
*медицина факультетінің студенті*

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы - Ректоры **Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Имидждік саясат және қоғаммен байланыс департаментінің директоры **Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**
**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ
**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН, Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ, Кәмила ДҮЙСЕН, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ
**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №302, 304 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: **kaznugazeta@gmail.com**
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Қазақ университеті» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Кәмила ДҮЙСЕН

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы – 1000
- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.